

Жаңаарқа ауданы білім бөлімінің "Қарлығаш" балабақшасы коммуналдық  
мемлекеттік қазыналық кәсіпорны



# "Тұган жер"

бағдарламасы

(Вариативтік бөлімде)

Жаңаарқа кенті

Ұлытау облысы білім басқармасының Жаңаарқа ауданы білім  
бөлімінің «Қарлығаш» бөбекжайы коммуналдық мемлекеттік қазыналық  
кәсіпорны

Келісілді  
Жаңаарқа аудандық білім  
бөлімінің әдістемелік  
қабинет менгерушісі  
Ашиқбекова К.М

Бекітемін  
КМКК «Қарлығаш»  
бөбекжайының  
менгерушісі

Капина К.З.



Вариативтік бөлімдегі  
«Тұған жер»  
**БАҒДАРЛАМАСЫ**

(Ортаңғы, ересек топтарына арналған)  
2022-2024 жыл

Ұлытау облысы Жаңаарқа ауданы Жаңаарқа кентінің «Қарлығаш» бөбекжайында әзірленген.

«Қарлығаш» бөбекжайының вариативтік бөліміндегі «Тұған жер» бағдарламасы

Пікір білдіруші:  
Директор : Кадина К.З

«Тұған жер» бағдарламасы мектеп жасына дейінгі балаларға өлке тарихын сапалы, әрі тиімді оқыту және тәрбиелеу мақсатында үйымдастырылған.

Аталмыш бағдарламада өлке тарихын танып, білу мақсатында өтпелі тақырыптар, үйымдастырылған іс-әрекеттер, күтілетін нәтижелер берілген.

«Тұған жер» бағдарламасы вариативтік бөлімде үйымдастырылған іс-әрекет ретінде енгізіліп, ортаңғы, ересек топтарында жүзеге асырылады.

## **Мазмұны**

Түсінік хат

Бағдарламаны әзірлеу және енгізу

«Тұған жер» бағдарламасының негізгі тұжырымдамасы

«Тұған жер» бағдарламасының жалпы мақсаты, міндепті, күтілетін нәтижесі

Бағдарламаны құрылымы және өткізу түрі

Үлгілік оқу жоспары бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер

Атқарылатын жұмыс түрлері

Корытынды

Қолданылған әдебиеттер

## Түсінік хат

Бөбекжайда тәрбие беру үрдісінде қандай идеяологияны басшылыққа алуымыз керек?!

«Біз үшін болашағымызға бағдар етіп ұлтты ұйыстыра ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – «Мәңгілік ел» идеясы. Мәңгілік елге айналу үшін тәуелсіздікті сақтап, елдігімізді нығайту басты мақсат болып табылады. Осындай қасиетті ұғымның мәнін жете ұғынып, бағасын біліп, зердесіне, сіңіру қазіргі ұрпаққа жүктелер үлкен міндет. Осы мақсатта «Қарлығаш» бөбекжайында «Мәңгілік ел» идеясына негізделген патриоттық тәрбие беру үрдісінде вариативтік бөлімдегі қосымша ретінде «Тұған жер» бағдарлама-жобасы енгізілді.

«Тұған жер» бағдарламасын енгізу барысында «өзгені тану үшін, алдымен өзінді тани біл!» деген жалпы адамзаттық қағиданы басшылыққа алдық. Аталмыш бағдарламасын жүргізу, жас ұрпақ үшін өте маңызды. Қазақстанның барлық өнірлерінің өлке тарихы жазылған дайын оку әдебиеттерінің жоқ екенін ескере отырып, «Тұған жер» бағдарламасын өзіндік ғылыми негізді ізденістер арқылы ұйымдастырылған болатын. Бұл бағдарлама арқылы бөбекжайында мұражайлар ұйымдастырылуда. Тұған жері мен елінің, халқының өткен өмірі мен бүгінгі тіршілігін түсіндіріп үйрету, балалардың азаматтық пен ұлтжандылыққа, Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелейді, жеке тұлғаның дамуына септігін тигізеді.

### «Қарлығаш» бөбекжайында «Тұған жер» бағдарламасын әзірлеу және енгізу

«Қарлығаш» бөбекжайының әдістемелік бірлестігінің бірауыздан қолдауымен «Тұған жер» бағдарламасы енгізілді. Бұл бағдарлама вариативтік бөлімде жүзеге асады. Вариативтік бөлім оку жоспарының негізгі бөлімінің салаларын қолдауға бағытталған. Қосымша білім беру балабақшадағы баланы тәрбиелеу мен оқытудың негізгі компонентінің құрамдас бөлігі.

Қосымша білім берудің мақсаты жалпы білім беру үдерісінің жеке педагогикалық -психологиялық жас ерекшеліктерін ескере отырып, баланың үйлесімді дамуын қамтамасыз ету.

Қосымша білім беру жүйесіндегі баланың қызметі олардың өз халқының өнері мен мәдениетіне, әртүрлі білім салаларына деген қызығушылығын дамытуға мүмкіндік береді. Қосымша білім беру бойынша жұмыс балалармен күннің екінші бөлігінде мектеп жасына дейінгі балаларға арналған тиісті деңгей көлемінде жүргізіледі. Мектепке дейінгі ұйымдардағы жабдықталған жағдай әрбір баланың дамуына және жақсы бейімделуіне, қажетті білім мен білік алуға көмектеседі. «Тұған жер» бағдарламасы жас ұрпақты тәрбиелеудің негізгі құралы болып табылады.

Еліміздің болашағы - жас ұрпақты тәрбиелеуде бірінші бесік-отбасы, ата-ана тәрбиесі болса, екінші бесік – тәрбие мен білім беру бөбекжайдан бастау алатыны бәрімізге мәлім. Мектепке дейінгі кезеңдегі тәрбие - адам қалыптасуының алғашқы баспалдағы болса, бұлдіршіндеріміздің бойында рухани патриоттық сана сезімді қалыптастыру бағыты бойынша «Туган жер» бағдарламасы тәрбие беріп, ел болашағына өз үлесін қосуда. Халқымыздың «баланы жастан» деген дана сөзі бар. Тәрбиенің бесіктен басталатының ескерсек, болашақ ұлтжанды ұрпақ тәрбиелесек – бұл еңбегіміздің жанғаны, тәуелсіз ел болашағына қосқан үлкен үлесіміз деп білеміз.

Елбасымыздың «Патриот болу – Қазақстан мемлекетін өз жүргегінде сақтау» деген сөзі терең ой салады. Өз елінің патриоты болу әрбір азаматтың парызы мен міндеті. Білім беру мен тәрбиенің негізгі міндеті – өз елінің азаматын, патриотын тәрбиелеу. Қазақстанның жас ұрпағына халқымыздың тарихы мен мәдениетін, өлкеміздің ұлы тұлғаларының өмірін насиҳаттау келешек ұрпақты тәрбиелеудің жолы болып табылады. Адам баласының әрқайсысының өз өмір жолы болатыны тәрізді, кез-келген өлкенің, қогам мен мемлекеттің өз тарихи ғұмыры бар. Ол көне тіршілік көшінде сан алуан кейіпте көрініп келе жатқан күрделі үдеріс. Әр ұрпақ өзінен бұрынғы ұрпақтың жалғасы болғандықтан өз дәуірінің шыңырауында үн қосып, өз соқпағын іздейді.

Қазақ ұрпағы – құдіреттілігі, имандылығы, адамгершілігі көзінен, жүргегінен көрініп тұрған, патриоттығы ішінен ұйып жатқан кең халық. Бүкіл білім мен тәрбие беру жүйесі арқылы осыларды сыртқа шығару, жоғары дәрежеге көтеріп, ол үшін патриоттық тәрбие беру қажет. Бұл сырттан ғана келетін әсер емес, ол іштен шығатын, дамитын, қалыптасатын ерекше қасиет. Патриоттық сезім тұлғада тәрбие арқылы өсіп жетіліп патриоттық сана түрінде қалыптасады. Патриотизмге тәрбиелеу үрдісінің танымдық мәнін естен шығаруға болмайды, бірақ ол әрбір балада патриоттық сана, патриоттық сезім қалыптастырудан бастау алғанда ғана тиімді болмақ. Сондықтан тәрбиешілер өз қызметінде біріншіден терең патриотизм – Отанға, Қазақстанға, өлкеге деген сүйіспеншілік ояту қажет. Патриоттық сезімнің объектісі мен қайнар қөзі – Отан десек, оның мазмұны, туған жер, табиғаты, оның байлықтары, тіл, салт-дәстүр, тарихи ескерткіштер, туған өлкедегі тамаша киелі орындар. Олардың адам жүргегіне жылылық, жақындық, туысқандық, сезімдерді ұялатып, ізгі де ерлік істердің қайнар көзіне айналуы патриотизмге тәрбиелеудің арқауы. Қасиетті сезім ананың сүтімен бірге өзінен-өзі келмейтін, баланың бойында біртіндеп қалыптасатын құдіретті сезім.

Елбасымыз тарихтың маңызы туралы «Өркениетті алға бастырарғылым десек, соның бірден-бір саласы жас ұрпақты дәл тарихтай отаншылдыққа, ұлтжандылыққа, әділдікке тәрбиелей алмайды»-дейді.

Отансүйгіш ұрпақ тәрбиелеу үшін Отан тарихын, өлке тарихын сапалы, әрі тиімді оқыту қажет. Бүгінгі «Қарлығаш» бөбекжайында вариативтік бөлімде өлке тарихын оқытуды «Туган жер» бағдарламасы

арқылы бекітіліп, баланың тарихи санасының қалыптасуына, патриоттық сана-сезімі анағұрлым артуына ерекше мән берілуде. Себебі, «өзгені тану үшін, алдымен өзінді тани біл!» деген жалпы адамзаттық қагиданы басшылыққа алдық. Аталмыш бағдарламада Сарыарқаның кіндігіне біткен өрісті де өнегелі өлке – Жаңаарқа жері талай-талай істерге куә болған, өмірге қайталанбас тұлға әкелген, киелі мекенінде насхаттау, жас ұрпақ үшін өте маңызды. Киелі мекенниң қойнауы ырыс-құтқа толы, жайлауы төрт тұлік малға толы, тарихы терең, шежіресі айтылып бітпес дастан екендігі барлығымызға мәлім. Бұл дағалаға кімдердің табаны тимеген, кімдер ғұмыр кешпеген десенізші! Әріге бармай бір екі ғасыр сорабына көз тастасақ: ұлы Абылай ханың өзі «сегіз биімнің ішіндегі семіз биім» деп ерекше құрмет тұтқан Байдалы би, ел басына күн туған, қын-қыстау күндерде қол бастаған Нияз сынды сандаған батырлар, «Жақсының соңы – Телғозының Шоңы» демекші барлығы біздің мақтаныштарымыз. Бұл бағдарлама арқылы бөбекжайымызда шараптар жүргізілуде. Туған жері мен елінің, халқының өткен өмірі мен бүгінгі тіршілігін түсіндіріп үйрету, балалардың азаматтылық пен ұлтжандылыққа, Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелейді, жеке тұлғаның дамуына септігін тигізеді.

#### **«Туған жер» бағдарламасының негізгі тұжырымдамасы:**

- «Қарлығаш» бөбекжайында вариативтік бөлімде «Туған жер» бағдарламасын жүргізу;
- өлке тарихын, Отан тарихын менгерген тарихи сананы қалыптастыру;
- жас буынның өзіндік іс-әрекет жасауға үйрету, оның интеллектісін дамыту;
- «Туған жер» ұйымдастырылған іс-әрекетінде инновация әдістерін пайдалану арқылы бағдарламасын жүргізу, елдің тарихын менгерген тарихи сананы қалыптастыру.

#### **• «Туған жер» бағдарламасының жалпы маңызы:**

«Туған жер» бағдарламасын жүргізу арқылы өлке тарихынан түсінігі бар тарихи санасы қалыптасқан тұлектерді тәрбиелеу .Даласы байтақ, дәстүрі дархан, тарихы қатпарлы, тағымы астарлы Сарыарқаның нақ ортасынан орын алған шүрайлы да, шырайлы өлке – Жаңаарқа өңірінің елі мен жерінің қасиетті тарихы, ел бастаған, сөз ұстаған, өнер дарыған ғажайып тұлғалы азаматтар өмірінен түсінік беру. Жас буынды ұлтжандылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелей отырып, барын бағалай білуге, жауқарын қадір тұтуды үйрету.

#### **«Туған жер» бағдарламасының міндеті:**

- Жас буынның тарихи біліктері мен дағдыларын жетілдіру;
- балалардың дербес ерекшеліктерін ескере отырып, тәрбиелеу үрдісінің сапасын арттыру;

- өзіндік іздениске, шығармашылыққа баулу және жетелеу.

### **Күтілетін нәтиже:**

Өз Отанын, өлкесін сүйетін, оның тарихын, тілін, әдет-ғұрпын құрметтейтін тұлға тәрбиеленеді.

Балалардың туған өлкеге деген қадір-құрметін оята отырып, сол арқылы туып-өсken өлкеге, Отанға деген сүйіспеншілік қалыптасады

### **«Туған жер» бағдарламасының құрылымы және өткізу түрі.**

Бебекжайында «Туған жер» бағдарламасы қосымша ретінде 4-5 жастағы балаларға яғни, ортаңғы, ересек топтарында жүзеге асырылады. Бұл бағдарлама ересек тобына арналған. Ұйымдастырылған іс-әрекесті 20-25, 25-30 минуттан аспауы керек. «Туған жер» бағдарламасының құрылымы, жалпы сағат саны-18, өткізу түрі мынадай болып айларға бөлінеді:

### **Шежірелі Жаңаарқа Ауыл атаулары туралы не білеміз?**

Бұл бөлімде балаларды Жаңаарқа шежіресі мен аймағындағы ауыл атауларымен таныстыру және кімнің құрметіне қойылғандығын түсіндіру. Бала бойына еліне, жеріне деген сүйіспеншіліктерін арттыру және қасиетті кіндік қаны тамған туған жерін құрмет тұтуға тәрбиелеу көзделген.

### **Туған өлкемнің аң-құсы және өзен, таулары.**

#### **Қазба байлықтар**

Балаларды туған жер табиғатымен таныстыру. Өлкеде мекендейтін аң-құстар мен өзен-тауларды, қазба байлықтарды көрсете отырып, туған жерге деген сезімдерін ояту, сүйіспеншіліктерін арттыруға негізделген шара.

**Арқадан шыққан арқалы ақындар.**

**Ұлы тұлға – Сәкен Сейфуллин.**

**Тарихи ескерткіштер дегеніміз не?**

Балаларға Жаңаарқаның өнірінен шыққан арқалы ақындар өнірінен мағлұмат және тарихи ескерткіштер туралы түсінік беру. Туған жер табиғаты мен тарихи жерлерімен таныстыру арқылы танымын, сана-сезімін кеңейту көзделген.

### **Біздің ауылдың өнерпаздары**

Ықылас Дүкенұлы, Сайдалы Сары Тоқа, Қайрат Байбосынов, Бекболат Тілеухан, Қорабай Есенов, Қарақат Эбілдина.

### **«Жанымызда жүр жақсы адам»**

Балалармен аудан сахнасында өнер көрсетіп жүрген әнші, биши, күйші, сазгер өнерпаздармен кездесу ұйымдастырып, өнерге қызығушылықтарын ояту, еліне, жеріне деген сүйіспеншіліктерін арттыру көзделген.

### **«Ауданымыздың абзал жандары»**

#### **«Тұған жерім – алтын бесігім» аудан ардақтыларымен кездесу**

Аудан ардақтыларымен кездесу ұйымдастыру. Балалардың бойына еңбексүйгіш қасиеттерін сініру. Балаларды ардақтыларымен таныстыра отырып, бала бойына даналық, ізденушіліктерін арттыру, тұлғаларды мақтан ете отырып, құрметтеуге тәрбиелеу негізгі мақсаты болып саналады.

### **«Әнім сенсің, тұған жер!» ән фестивалі «Жаңаарқаммен мақтанамын»**

«Тұған жер» тақырыбында ән фестивалын ұйымдастыру арқылы балаларды отансүйгіштікке баулуға бағытталған іс-шара

### **«Арқа өңірінен шыққан балуандар» «Ұлттық ойындар»**

Жаңаарқамыздан шыққан аты әлемге әйгілі спортшылармен балаларды таныстыра отырып, салауатты өмір салтын қалыптастыру, балалардың спортқа деген қызығушылықтарын арттыру көзделген.

### **«Тұған жер өзің дегендеге...» мәнерлеп оқу сайысы Тұған өлкеге саяхат**

Жас ұрпақты Отанын, елін, жерін сүюге, қастерлеуге тәрбиелеу, мақтаныш сезімдерін ояту, көркем сөзді мәнерлеп оқуға үйрету.

Тұған жер табиғатына саяхат жасау арқылы, балалардың еліне, жеріне деген сүйіспеншіліктерін арттыру.

### **«Жаңаарқа қымызымен мақтанамыз» «Мұражайға бір жәдігер»**

«Гениис» кітабына енген Жаңаарқа қымызын насиҳаттай отырып, пайдасын түсіндіру, баланың бойына мақтаныш сезімін ояту. елін, жерін құрметтеуге тәрбиелеу.

### **2022-2024 оку жылына арналған «Тұған жер» бағдарламасының жылдық жоспары**

№	Тақырыбы	Мақсаты	Мерзімі
1.	1.Шежірелі Жаңаарқа 2.Ауыл атаулары туралы не білеміз?	Балаларға Жаңаарқа аумағындағы ауыл атауларымен таныстыру және кімнің құрметіне қойылғандығын түсіндіре отырып құрмет тұтуға, сүюге	Қыркүйек

		тәрбиелеу.	
2.	1.Тұған өлкемнің аң-құсы және өзен, таулары. 2.Өлкеміздің қазба байлықтары	Балаларды тұған жер табиғатымен таныстыру. Өлкеде мекендейтін аң-құстар мен өзентаяуларды көрсете отырып, тұған жерге деген сезімдерін ояту, сүйіспеншіліктерін арттыру.	Қазан
3.	1. Арқадан шыққан арқалы ақындар Ұлы тұлға – Сәкен Сейфуллин, 2. Тарихи ескерткіштер дегеніміз не?	Балаларды Жаңаарқаның табиғаты мен тарихи жерлерімен таныстыру арқылы танымын, сана-сезімін дамыту, өлкемізді мақтан тұтуға, құрметтеуге тәрбиелеу.	Қараша
4.	1.Біздің ауылдың өнерпаздары Ықылас Дүкенұлы, Сайдалы Сары Тоқа, Қайрат Байбосынов, Бекболат Тілеухан, Қорабай Есенов, Қарақат Әбілдина 2.«Жаңымыздың күйшісі, ұстаз Сыздықов Мұқатпен кездесу	Балалармен аудан сахнасында өнер көрсетіп жүрген әнші, биши, күйші, сазгер өнерпаздармен кездесу ұйымдастырып, өнерге қызығушылықтарын ояту, еліне, жеріне деген сүйіспеншіліктерін арттыру.	Желтоқсан
5.	1.«Ауданымыздың абыл жандары» 2.«Тұған жерім-алтын бесігім» аудан ардақтыларымен кездесу	Аудан ардақтыларымен кездесу ұйымдастыру. Балалардың бойына еңбексүйгіш қасиеттерін сізу.	Қантар
6.	1«Әнім сенсің, тұған жер!» ән фестивалі 2.«Жаңаарқаммен мақтанамын»	«Тұған жер» тақырыбында ән фестивалын ұйымдастыру арқылы балаларды отансүйгіштікке баулу.	Ақпан
7.	1.«Арқа өнірінен шыққан балуандар» 2.«Ұлттық ойындар»		Наурыз
8.	1.«Тұған жер өзің дегенде...» мәнерлеп оку сайысы 2.Тұған өлкеге саяхат	Жас ұрпақты Отанын, елін, жерін сүюге, қастерлеуге тәрбиелеу, мақтаныш сезімдерін ояту. Тұған жер табиғатына саяхат жасау арқылы, балалардың еліне, жеріне деген сүйіспеншіліктерін арттыру	Сәуір
9.	1.«Жаңаарқа қымызымен мақтанамыз» 2.«Мұражайға бір жәдігер»	«Геннис» кітabyна енген Жаңаарқа қымызының пайдасын түсіндіру, баланың бойына мақтаныш сезімін ояту. елін, жерін құрметтеуге тәрбиелеу.	Мамыр

## **Ұйымдастырылған іс-әрекет**

Вариативтік бөлімдегі «Тұған жер» бағдарламасы

Қазақ тілі маманы Құдайбергенова Дана

Коммуникативтік дағдыларды дамыту

**Тақырыбы:** Шежірелі Жаңаарқа

**Мақсаты:**

**Білімділігі:**

Даласы байтақ, дәстүрі дархан, тарихы қатпарлы, тағлымы астарлы, қазақ елінің нақ ортасынан орын алған шұрайлы да, шырайлы өлке - Жаңаарқа өнірінің елі мен жерінің қасиетті тарихынан мол мағлұмат беру.

**Дамытушылығы:**

Балалардың сөйлеу қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын байыту

**Тәрбиелілігі:**

Жас буынды ұлтжандылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелей отырып, барын бағалай білуге, жауқарын қадір тұтуды үйрету.

**Әдіс-тәсілі:** Көрсету, түсіндіру, әнгімелесу, сұрап-жауап

**Көрnekілік:** Жаңаарқаның әсем жерлерінің суреттері, слайд.

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивация-лық-кызығушылық	<ul style="list-style-type: none"> <li>-Сәлеметсіңдер ме балалар?</li> <li>-Әдепті елдің балалары алдымен сәлем береді.</li> <li>-Ал енді балалар, бәріміз қолымыздан ұстап шенбер құрып тұрайық.</li> <li>-Біз неге ұқсаймыз?</li> <li>-Күн бізге не береді?</li> <li>-Иә, жер бетіндегі тіршілік атаулы күннен жылу алады. Күнсіз жер бетінде тіршілік болмайды. Ендеше бізде күн секілді бір-бірімізге жылу берейік.</li> <li>(Балалардың тілектері)</li> <li>-Сендер тату-тәтті дос екендерінді жақсы тілектермен білдірдіңдер. Аспанымыздың ашық, еліміз аман, жұрттыңыз тыныш болсын!</li> <li>-Балалар біздің тұратын жеріміз қалай аталады?</li> <li>-Дұрыс айтасыңдар балалар. Өте тамаша.</li> <li>-Балалар біздің елорадамыз қай қала?</li> <li>-Қазақстан Республикасының Президенті кім?</li> <li>-Қане, рәміздерді атайды.</li> <li>-Дұрыс айтасыңдар балалар.</li> <li>-Балалар, біз</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>-Сәлеметсіз бе?</li> <li>-Күнге ұқсаймыз.</li> <li>-Жылу, жарық береді.</li> </ul>
Ұйымдастыру-іздестіру	<ul style="list-style-type: none"> <li>-Ал енді балалар барлығымыз слайдқа назар аударайық.</li> <li>-Балалар енді бәріміз «Жаңаарқа вальсі» атты әсем ән тындал, слайдқа назар аударайық.</li> <li>-Балалар бұл әнді Жаңаарқаның тұмасы Қарақат апайымыз айтады. Қарақат апай осы Жаңаарқада</li> </ul>	<p>Балалар жақсы тілектер айтады.</p> <p>-Жаңаарқа</p> <p>Астана қаласы Касым-Жомарт</p>

	<p>туып өскен. Сендер сияқты кішкентай болып ойнап, ән салып өскен.</p> <p>-Кім ән айтқанды жақсы көреді?</p> <p>-Міне, сендер секілді Қарақат апайларың кішкентай кезінен әнге өте жақын болған. Жастайынан ән байқауына қатысқан. Өскен соң атақты әнші болды.</p> <p><b>Ойын: «Кім тапқыр?»</b></p> <p>(Жаңаарқаның ғимараттарының жарты бөліктері көрсетіледі)</p> <p>Көрдіңдер ме балалар, өз еліндей, өз жеріндей жер, қайда барсанда таптайсындар. Біз барлығымыз, жерімізді қорғап, отанымызды құрметтесек, бір-бірімізге жақсылық жасап, қол үшін берсек біз үшін одан асқан бақыт жоқ.</p>	<p>Тоқаев Елтанба, гимн, ту.</p> <p>-Жаңаарқаның келбеті.</p> <p>Слайд</p> <p>Нияз, Азиза.</p> <p>Балалар қызыға ойнайды</p>
Рефлексивті-түзетушілік	<p>Енді барлығымыз туган жер, туган ел туралы мақал-мәтел айтайық.</p> <p>Туган жердей жер болмас,</p> <p>Туган елдей ел болмас.</p> <p>Өз елің-өлең төсегің.</p> <p>Өзге елде сұлтан болғанша,</p> <p>Өз елінде ұлтан бол.</p> <p>-Барлығың бүтінгі үйымдастырылған оқу қызметіне жақсы қатысып, жақсы ойлар білдірдіңдер.</p> <p>-Барлықтарыңа раҳмет. Сау болындар.</p>	Балалар туган жер, туган ел туралы мақал-мәтел айтады

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені біледі:** Балалар Жаңаарқа өнірінің әсем ғимаратарын біледі.

**Қандай түсініктерді игереді:** Жаңаарқа ғимараттарының атауларын

**Менгерген дағдылары мен іскерліктері:** Жаңаарқа өнірінен шыққан атақты тұлғалардың жақсы қасиеттерін менгерді.

## **Ұйымдастырылған іс-әрекет**

**Вариативтік бөлімдегі «Тұған жер» бағдарламасы**

**Қазақ тілі маманы Құдайбергенова Dana**

**Коммуникативтік дағдыларды дамыту**

**Тақырыбы: Ауыл атаулары туралы не білеміз?**

**Мақсаты:**

**Білімділігі:**

Даласы байтақ, дәстүрі дархан, тарихы қатпарлы, тағлымы астарлы, қазақ елінің нақ ортасынан орын алған шүрайлы да, шырайлы өлке - Жаңаарқа өнірінің елі мен жерінің қасиетті тарихынан мол мағлұмат беру.

**Дамытушылығы:**

Балалардың сөйлеу қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын байыту

**Тәрбиелілігі:**

Жас буынды ұлтжандылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелей отырып, барын бағалай білуге, жаунарын қадір тұтуға тәрбиелеу.

**Әдіс-тәсілі:** Көрсету, түсіндіру, әнгімелесу, сұрап-жауап

**Көрнекілік:** Жаңаарқаның ауылдарының суреттері, слайд.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<b>Мотивация-лық-қызығушылық</b>	<p>-Сәлеметсіңдер ме балалар?</p> <p>-Әдепті елдің балалары алдымен сәлем береді.</p> <p>-Ал енді балалар, бәріміз қолымыздан ұстап шенбер құрып тұрайық.</p> <p><b>Ойын: «Жалғастыр»</b></p> <p>-Балалар қазір мен жақсы тілек айтып бастаймын сендер жалғастырындар.</p> <p>(Балалардың тілектері)</p> <p>-Сендер тату-тәтті дос екендерінді жақсы тілектермен білдірдіңдер. Аспанымыздың ашық, еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!</p> <p>-Балалар біздің тұратын жеріміз қалай аталады?</p> <p>.-Дұрыс айтасындар балалар.</p> <p>-Балалар, біз</p> <p>-Ал енді балалар барлығымыз слайдқа назар аударайық.</p> <p>-Балалар біздің Жаңаарқамыздың аймагында көптеген ауылдар бар. Ол ауылдар Жаңаарқамыздан шыққан атақты тұлғалардың атымен аталады.</p> <p>Атап өтсек Ақтайлақ, Сәкен т.б</p> <p>Ақтайлақ ауылның атауы Жаңаарқамыздың тұмасы би-шешен</p> <p>Ақтайлақ атамыздың құрметіне қойылған.</p> <p>Ақтайлақ атамыз жастайынан сөзге шешен</p>	<p>-Сәлеметсіз бе?</p> <p>Балалар ойнайды қызыға</p> <p>Балалар жақсы тілектер айтады.</p> <p>-Жаңаарқа</p> <p>-Жаңаарқаның келбеті.</p>
<b>Ұйымдастыру-іздестіру</b>		

	<p>болған. Бала кезден жыр-дастандарды, өртегілерді көп тындағанды ұнанататын. Сондай-ақ Сәкен ауылының да есімі жерлесіміз, біртуар тұлға Сәкен Сейфуллин атамыздың құрметтіне қойылған. Сәкен атамыз ақын. Жаңаарқамыздан шыққан тұлғалардың есімін бүкіл Қазақстан біледі, мақтан тұтады.</p> <p>Ойын: «Кім жылдам?»</p> <p>-Енді балалар барлығымыз «Кім жылдам?» ойынын ойнайды. Екі топқа бөлініп, суретті құрастырамыз. Суретті құрастырып болған соң, не екенін түсіндіріп айтасындар.</p>	Нияз, Азиза.
Рефлексивті-түзетушілік	<p>Енді барлығымыз тұган жерге деген сезімімізді мына тұрган смайліктарды көрсету арқылы әдемі сезімізben білдіреміз.</p> <p>-Барлығың жақсы қатысып, жақсы ойлар білдірдіңдер.</p> <p>-Барлықтарына раҳмет. Сау болындар.</p>	Балалар тұган жер, тұган ел туралы мақал-мәтел айтады

### Күтілетін нәтиже:

**Нені біледі:** Балалар Жаңаарқа өнірінің әсем ғимаратарын, ауыл атауларын біледі.

**Қандай түсініктерді игереді:** Жаңаарқа өнірінен шыққан би-шешендер, ақындарды игереді.

**Менгерген дағдылары мен іскерліктері:** Жаңаарқа өнірінен шыққан атақты тұлғалардың жақсы қасиеттерін менгерді.

## **Ұйымдастырылған іс-әрекет**

**Вариативтік бөлімдегі «Тұған жер» бағдарламасы**

**Қазақ тілі маманы Құдайбергенова Дана**

**Коммуникативтік дағдыларды дамыту**

**Тақырыбы:** Тұған өлкемнің аң-құсы және өзен таулары

**Мақсаты:**

**Білімділігі:** Тұған өлкеміздің аң-құсы және өзен таулары туралы жалпы түсінік беру.

**Дамытушылығы:** Аң-құстар және өзен таулардың суреттерін көрсетіп, бала бойындағы еліне; жеріне деген сүйіспеншіліктерін арттыру.

**Тәрбиелілігі:** Тұған өлкеміздің аң-құсы және өзен тауларына сүйіспеншіліктерін арттыру, елін, жерін сүюге тәрбиелеу.

**Әдіс-тәсілі:** Әңгімелдеу, түсіндіру, сұрақ-жауап, көрсету.

**Көрnekіліктер:** Тұған өлкеміздің аң-құсы және өзен тауларының суреттері, үнтаспадағы әуендер, кітаптар, слайдпен жұмыс.

<b>Іс-әрекет кезеңдері</b>	<b>Тәрбиешінің іс-әрекеті</b>	<b>Балалардың іс-әрекеті</b>
<b>Мотивациялық-қызығушылық</b>	<p>Шаттық шенбері.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>-Балалар, бәріміз шаттық шенберін құрып, бір-бірімізге жылы лебізімізді айтайық!</li> <li>- Ата-анамыз аман болсын!</li> <li>- Деніміз сау болсын!</li> <li>- Еліміз аман болсын!</li> <li>-Әрбір таңымыз жақсылыққа толы болсын!</li> <li>-Балалар, бүтін біз Тұған өлкемнің аң-құсы және өзен таулары туралы айтамыз. Жаңаарқамыз жері шүрайлы, құнарлы киелі мекен. Өлкемізде өзендер мен тауларға да, аңдар мен құстарға да өте бай. Өлкемізде Сарысу өзені бар. Сарысу өзені - Орталық Қазақстанның ірі өзендерінің бірі болып табылады<sup>7</sup> Ол Жақсы Сарысу және Жаман Сарысу салалары болып бөлінеді. Жақсы Сарысу Бұғылы тауының етегінен басталады. Жаңаарқа өнірінің жануарлар дүниесі де айтарлық. Тоқтала кетсем қасқыр, тұлқі, қарсақ, сасыққузен, борсық, қоян. бар. Кейінгі жылдары арқарлар мен киіктірдің саны күрт азайып кеткен. Сонымен бірге құстардан бозторгайлар, шымшықтар, қараторғайлар, түркептер, ұбақ, шекілдек, құр, безгелдектер мекендейді. Балалар, енді серігіп алайық. <p><b>Слайдпен жұмыс.</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Балалар біз слайдқа назар аударайық.</li> </ul> <p><b>Слайдпен жұмыс.</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>-Балалар, Жаңаарқа ауданында мекендейтін аң-құстар мен өзенмен тауларына зер салайық.</li> </ul> <p><b>Ойын:</b> «Нениң дауысы?»</p> </li></ul>	<p>Балалар шаттық шенберін құрады.</p> <p>Балалар тілектер айтады.</p> <p>Балалар әңгімені қызыға тыңдайды, суретке қарап өз ойларын айтады</p> <p>Балалар шаттық шенберін құрады.</p>
<b>Ұйымдастыру-іздестіру</b>	<p>Балалар әңгімені қызыға тыңдайды, суретке қарап өз ойларын айтады</p> <p>Балалар шаттық шенберін құрады.</p> <p>Балалар тілектер айтады</p> <p>.Балалар әңгімені қызыға тыңдайды, суретке қарап өз ойларын айтады</p>	

	<b>Сергіту сәті.</b> Біз балдырган баламыз. Құстай қанат қағамыз, Дүниені аралап, Мол білім аламыз, Көзді салып қараңыз, Былай қанат қағамыз.	Балалар қызығушылықпен ойнайды
<b>Рефлексивті- түзетушілік</b>	-Балалар, біздің туған өлкеміз қалай аталады? Өлкемізде қандай аң-құстар мекендейді? Қандай өзенди білесіндер? Рақмет. Сау болындар, балалар!	Жаңаарқа Андарды атайды

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені біледі:** Туған өлкеміздің аң-құстары және өзен тауларын

**Қандай түсініктерді игереді:** Аң-құстар мен өзендердің атауларын

**Менгерген дағдылары мен іскерліктері:** Аң, құстарға қамқор болуды.

**Ұйымдастырылған іс-әрекет**

**Вариативтік бөлімдегі «Туған жер» бағдарламасы**

**Қазақ тілі маманы Құдайбергенова Даны**

**Коммуникативтік дағдыларды дамыту**

**Тақырыбы:** Өлкеміздің қазба байлықтары

**Мақсаты:**

**Білімділігі:** Өлкеміздің қазба байлықтары туралы түсінік беру

**Дамытушылығы:** Балалардың танымдық қабілеттерін арттыру.

**Тәрбиелілігі:** Туған өлкемізді, елін, жерін сүюге тәрбиелеу.

**Әдіс-тәсілі:** Әңгімелуу, түсіндіру, сұрақ-жаяуп, көрсету.

**Көрнекіліктер:** «Жалын» кен орынының суреті, слайдпен жұмыс.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
<b>Мотивациялық- қызығушылық</b>	-Сәлеметсіндер ме балалар? Көңіл-күйлерің қалай? Тамаша! - Балалар қазір әр қайсымыз өз ата-аналарымыздың қай жерде жұмыс жасайтынын айтайықшы. (Балалар өздерінің ата-аналарының қайда жұмыс істейтіндігін айтады) Сендер өте ақылды балаларсыңдар! Балалар кімнің әкесі «Кенші» болып жұмыс істейді? Бүгін біз «Кен орындары, кенші, қазба байлықтары» туралы айтамыз. Балалар біздің Жаңаарқамызда қазба байлықтарына да өте бай. Соның бірі – «Жалын» кен орыны. «Жалын» көмір кен орыны Ералиев ауыл аймағында ашлыды. Бұл	Балалар амандасады
<b>Ұйымдастыру- іздестіру</b>		Балалар әңгімені қызыға тындаиды,

	<p>кен орынан көмірдің сапалы түрі алынады. Көмір бізге не үшін қажет? Дұрыс айтасындар. Балалар барлығымыз слайдқа назар аударайық.</p> <p>Слайд көрсетіледі.</p> <p>Аудан, ауыл тұрғындары осы кен орынинда кенші болып қызмет атқарады, яғни көмірді жер астынан қазып шығарады. Бұл шығарылған көмірді Қазақстан езі ғана тұтынып қоймай, шетелге де сатылымға шығады екен. Көрдіндер ме балалар, біздің өлкеміз қазба байлықтарына да өте бай өлкеміз.</p> <p>Ойын: «Кім тапқыр?»</p> <p><b>Сергіту сәті.</b></p> <p>Біз балдырған баламыз.      Құстай қанат қағамыз,      Дүниені аралап,      Мол білім аламыз,      Көзді салып қараңыз,      Былай қанат қағамыз.</p>	Үйді жылдыту үшін
Рефлексивті-түзетушілік	<p>-Балалар, біздің туган өлкеміз қандай қазба байлық бар?</p> <p>Дұрыс айтасындар балалар. Рақмет. Сау болындар, балалар!</p>	Көмір «Жалын» кен орыны

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені біледі:** Қазба байлықтар туралы

**Қандай түсініктерді игереді:** «Жалын» көмір кен орынының атауын

**Менгерген дағдылары мен іскерліктері:** Еңбеккор, адал болуды

**Ұйымдастырылған іс-әрекет**

**Вариативтік бөлімдегі «Тұған жер» бағдарламасы**

**Қазақ тілі маманы Құдайбергенова Даны**

**Коммуникативтік дағдыларды дамыту**

**Тақырыбы:** Арқадан шыққан арқалы ақын – Сәкен Сейфуллин

**Мақсаты:**

**Білімділігі:** Ұлы тұлға- Сәкен ата туралы түсінік беру

**Дамытушылығы:** Балаларға өлкеден шыққан атақты тұлғаны көрсетіп, таныстырып, тұған өлкемізге деген сүйіспеншіліктерін арттыру.

**Тәрбиелілігі:** Жаңаарқамыздан шыққан ұлы тұлғаларды құрметтеуге тәрбиелеу.

**Әдіс-тәсілі:** Әңгімелейу, түсіндіру, сұрақ-жауап, көрсету шыққан ұлы тұлғаларды құрметтеуге тәрбиелеу.

## Көрнекіліктегі Сәкен атасың суреттері, слайд

Iс -әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-Кызығушылы	<p>Шаттық шеңбері.</p> <p>-Балалар, бәріміз шаттық шеңберіне тұрайық. Бір-бірімізге жылы лебіздерімізді білдірейік.</p> <p>Күнімізді жақсы тілектермен бастайық.</p> <p>- Балалар, бүгінгі іс әрекетімізде Ұлы тұлға – Сәкен ата жайлыштыңыз.</p>	<p>Балалар дөңгелене тұрып шеңбер жасайды.</p> <p>Балалар мұқияттыңдаиды</p>
Ұйымдастыру-іздестіру	<p>Сәкен ата Жезқазған өңіріндегі Қарашилік қыстауында дүниеге келген. Ол кісі бала кезінен өте ақылды, алғыр болып өседі. Сәкен атамыз бала кезінде асық ойнағанды, атқа мінгенді, кітап оқығанды өте жақсы көрген екен. Сәкен атамыздың әкесі Сейфолла, анасы Жамал, отбасында жеті бала болған. Сәкен ата үйіндегі үлкені. Жүзі сондай сұлу, сымбатты мінезі өте жұмсақ жан болыпты. Сәкен ата жастайынан өлең шығарғанды қатты жақсы көрген екен. Барлығымыз слайдқа назар аударайық.</p> <p>Слайд көрсетіледі</p> <p>-Балалар Жаңаарқамызда Сәкен атасың атына берілген Мектеп, ауыл, кітапхана және ескерткіштер бар. Әндерін үнтаспадан тыңдайық.</p> <p>Ойын: «Бес тас», «Асық ату»</p>	
Рефлексивті-түзетушілік	<p>Бүгін біз кім туралы айттық?</p> <p>Біз өлкемізден шыққан ұлы тұлғаларымызды әрқашан мақтан етуіміз керек. Осыны әрқашан естерінде ұстандар.</p>	Сәкен ата

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені біледі: Ұлы тұлға туралы**

**Қандай түсініктерді игерді: Сәкен атасың өмірі туралы**

**Менгерген дағдылар мен іскерліктері: Әдепті, ақылды болуды**

## **Ұйымдастырылған іс-әрекет**

**Вариативтік бөлімдегі «Тұған жер» бағдарламасы**

**Қазақ тілі маманы Құдайбергенова Dana**

**Коммуникативтік дағдыларды дамыту**

**Тақырыбы:** Тарихи ескерткіштер дегеніміз не?

**Мақсаты:**

**Білімділігі:** Тарихи ескерткіштер туралы мағлұмат беру

**Дамытушылығы:** Балаларды Жаңаарқа өлкесінің тарихи ескерткіштерін көрсету, түсіндіру, тұған өлкемізге деген сүйіспеншіліктерін арттыру.

**Тәрбиелілігі:** Жаңаарқамыздан шыққан ұлы тұлғаларды құрметтеуге тәрбиелеу.

**Әдіс-тәсілі:** Әңгімелеу, түсіндіру, сұрақ-жауап, көрсету шыққан ұлы тұлғаларды құрметтеуге тәрбиелеу.

**Көрnekілікті:** Тариха ескерткіштердің суреттері.

<b>Іс -әрекет кезеңдері</b>	<b>Тәрбиешінің іс-әрекеті</b>	<b>Балалардың іс-әрекеті</b>
<b>Мотивациялық-Қызығушылы</b>	<p>Шаттық шеңбері.</p> <p>-Балалар, бәріміз шаттық шеңберіне тұрайық.</p> <p>-Жарқыраған күндейміз,</p> <p>Гүлдерді біз сүйеміз.</p> <p>Тұған елді , тұған жерді,</p> <p>Аялап біз жүреміз.</p> <p>-Ал балалар, бүгінгі іс әрекетімізді бастамас бұрын сендерге мынадай өлең жолдарын оқып бергім келеді. Барлығымыз назарымызды өлеңге аударайық.</p> <p>Дәuletі тасып шалқыған,</p> <p>Ел үйіп болған Жаңаарқа.</p> <p>Айылдың исі аңқыған , Жерүйік болған Жаңаарқа.</p> <p>Бұл Өлең не туралы айттылған? Біз әрқашан өз тұған өлкеміз Жаңаарқамызды мақтан етуіміз керек.</p>	<p>Балалар дөңгелене тұрып шеңбер жасайды.</p> <p>Балалар мұқияттындайды.</p>
<b>Ұйымдастыру-іздестіру</b>	<p>Бұгін біз тарихи ескерткіштер туралы айтатын боламыз. Біздің өлкеміз тариха ескерткіштерге өте бай. Соның бірі «Жеті жарғыны» шыгарушы кеменгер Тәуке ханның баласының баласы Құдайменде сұлтанның кесенесі бар. Бұл кесене Ескене ауылдың маңында Құдайменде өзенінің бойында орналасқан. Сондай-ақ сезге шешен Шоң бидің де мазары орналасқан. Шоң би Жаңаарқаның тумасы. Шоң жастайынан тілге шешен, ойға жүйрік блып өскен.(Суреттер көрсетіледі)</p> <p>Сергіту сәті</p>	

	<p>Орнымыздан тұрамыз, Жүрекке қолды қоямыз, Сәлем етіп бәріне Бұрыламыз баршамыз Иілеміз онға бір, Иілеміз солға бір, Біздер тату баламыз, Гүл-гүл жайнап жанамыз, Отанды біз сүйеміз. Өте жақсы балақайлар, бойымыз біраз серігіп қалды. Олай болса, әрі қарай жалғастырамыз.</p>	
Рефлексивті-түзетушілік	<p>«Едігенің Шоңы еді, жақсылардың соны еді, істеген ісі оң еді» деген сейлемді бірнеше рет оқып, мағынасын оқып түсіндіру.</p> <p>Шоңың сөздері:</p> <p>Жақсы дос жанның саясы. Улkenge іні, кішіге аға болсан, нең кетер, Мерейлі жас күліп тұрып ер жетер. Жақсы адам-желсіз тымақ, оның тұтіні тұзу.</p> <p><b>Қырғыз елінде жүріп айтқаны:</b></p> <p>Біздің жақта жаманды сөз етіп елемейді, Ауылға келгенді тергмейді. (Шоңың сөздерімен таныстыру, мағынасын ашу). (Сұрақ-жауап арқылы балалардың білімдерін бекіту)</p> <p>,Бұғин біз не жайында әңгімелестік? Жанаарқада Шоң бидің күрметіне не бар? Біз өлкемізден шыққан ұлы тұлғаларымызды әрқашан мақтан етуіміз керек. Осыны әрқашан естерінде ұстандар.</p>	

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені біледі:** Тарихи ескерткіштерді

**Қандай түсініктерді игерді:** Шоң би туралы

**Менгерген дағдылар мен іскерліктері:** Жақсы қасиеттерді

### Ұйымдастырылған іс-әрекет

**Вариативтік бөлімдегі «Тұған жер» бағдарламасы**

**Қазақ тілі маманы Құдайбергенова Даана**

**Білім беру салағы: Коммуникативтік дағдыларды дамыту**

**Тақырыбы:** Біздің ауылдың өнерпаздары.

**Мақсаты:**

**Білімділігі:** Өлке өнерпаздарынан мағлұмат беру.

**Дамытушылығы:** Жаңа тақырыпты менгерту барысында, балалардың ой-өрісін, есте сақтау қабілеттерін дамыту.

**Тәрбиелілігі:** Балалардың өнерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру

**Әдіс-тәсілі:** Әңгімелуу, түсіндіру, сұрақ-жауап, көрсету .

**Көрнекіліктер:** өлке өнерпаздарының суреттері

<b>Іс -әрекет кезеңдері</b>	<b>Тәрбиешінің іс-әрекеті</b>	<b>Балалардың іс-әрекеті</b>
<b>Мотивациялық-Қызығушылы</b>	<p>Балалар бүгін бізде ерекше күн, бүгінгі іс-әрекетімізде ауданымыздан шыққан атақты әнші К. Байболсыновпен танысады боламыз.</p> <p>Оқу қызметімізді бастамас бұрын «Сәлем тәрбиенің басы» демекші сәлемдесейік.</p> <p>Күннің көзі ашылып, Кекке шуақ шашылып. Құтты қонақ келіпті, Тәріме міне еніпти. Амандаус үлкенге, Тәрбиенің басы гой. Ал қанекей бәріміз, Сәлем дейік үлкенге, Сәлеметсіздер ме апайлар! Сәлеметсіндер ме достарым! Мен сендерге бүгінгі күндерің сәтті болсын деп тілеймін!</p>	<p>Балалар амандасады.</p> <p>Балалар бірдей жасайды.</p>
<b>Ұйымдастыру-іздестіру</b>	<p>Балалар, ерте, ерте, ерте</p> <p>, ертеде Жезқазған облысы Атасу деген елді мекен болыпты. Әуken деген ата мен Торғын деген әже болыпты. 1950 жылы 1 маусымда отбасында кішкентай Қайрат деген бала дүниеге келеді. Қайраттың соңынан бірнеше бала дүниеге келеді. Отбасы үлкен көп балалы яғни, ағасы Ахат, апалары Күләнда, Үмітжан, Дәбижан және қарындасы Кенжебала болыпты. Әуken ата етікші болған екен. Бірақ қолы босағанда жай отырмай қобыз, дамбыра тартқанды ұнатады. Ал анасы үй шаруасын істеп үнемі ән айтады екен. Сонар кішкентай бала Қайрат әкесі мен анасының әндерін тыңдалап өсіпті. Міне, балалар Қайрат ағамыздың жас кезіндегі суретін көріп тамашаландар. Бұл кезде Қайрат ағамыз 4 жаста ән салып, әпкесі Күлән «Қыз Жібектің» рөлін сомдаған екен. Қайрат ағамыздың көршісі Нұраз Төлепберген әнші, әрі дамбырашы болып, ағамыз сол кісілерге еліктеп өсіпті. Қайраттың әкесі Әуken ата мен Игілік Омаровтың әкесі екеуі дос, яғни олкісі ағасы ән айтып, дамбыра тартқанын ерекше бағалайтын. Қайрат ағасы Ахат екеуі бала кезінде, асық ойнап балалармен ойынга бір қанбайтын. Бірақ кешкісін жиналыш өлең</p>	<p>Балалар қызығушылықпен тыңдайды.</p>

	<p>айтқанды ұнатыпты, есік алдында жүріп әуелетіп ән айтқанды жақсы көреді еken. Қайрат ағамыз 4 жасынан бастап домбыра тартып үйренеді. Ол үнемі әкесі домбыра, қобыз тартқанда қасында отырып, сол кісіден біраз нәрсе үйренеді. Үнтаспа, теледидардан шырқалған әнді есіне сақтап бірден домбыраға салып ыңылдап айтып жүретін. Кітапқа да әуестігі соншалық 3-4 сынып оқып жүргенде «Мың бір тұн» кітабын жастығының астына жастанып оқып жататын болған. Қайрат ағамыздың балалық армына суретші болу болам деп, өсе келе бойында әншілік қасиетінің бар екенін шынайы сезініп әнші болыпты. Біздің туган жерімізден әншә болып есіп, талай биік шындардан көрініп, үлкен белестерге жетті. Қазірде ағамыздың жолын күшп җүрген шәкірттері өте көп. Соның бірі атақты Бекболат Тілеуханов. Қайрат ағамыз еліміздің болашағы ұрпақ тәрбиелеуде өз улесін аяmai қосуда.</p>	
<b>Рефлексивті-түзетушілік</b>	<p>Балалар бүгін біз кім туралы әңгіме қозғадық? Балалар біздің өлкемізден шыққан ақындар, галымдар, би-шешендер әншілер өте көп. Ол кіслер біздің өлкеміздің атағын әлемге танытуда. Біз осы аға-әпкелерімізді құрмет тұтып, мақтан етуіміз керек.</p>	Әнші Қайрат ағамыз жайлыш.

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені біледі:** Өнер иелерін

**Қандай түсініктөрді игерді:** Өлке өнерпаздары

**Менгерген дағдылар мен іскерліктер:** Әншілік, өнерпаздық

## **Ұйымдастырылған іс-әрекет**

**Вариативтік бөлімдегі «Тұған жер» бағдарламасы**

**Қазақ тілі маманы Құдайбергенова Даны**

**Коммуникативтік дағдыларды дамыту**

**Тақырыбы:** Ауданымыздың абзал жандары

**Мақсаты:**

**Білімділігі:** Балаларды ақ халатты абзал жандармен таныстыру

**Дамытушылығы:** Балалармен ақ халатты абзал жандармен кездесу өткізу барысында ақыл-ой, сана-сезімдерін дамыту.

**Тәрбиелілігі:** Балаларға барын бағалауға, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу.

**Әдіс-тәсілі:** Әңгімелеу, сұрақ-жауап, түсіндіру

**Көрнекілікттер:** Медициналық құралдар, слайд, буклет

<b>Іс -әрекет кезеңдері</b>	<b>Тәрбиешінің іс-әрекеті</b>	<b>Балалардың іс-әрекеті</b>
<b>Мотивациялық-Қызығушылы</b>	<p>-Сәлеметсіңдер ме балалар? Бүгін бізге арнайы қонақтар келіпті. Балалар келген қонақтармен амандастып алайық. Балалар біз ауырғанда кімге барамыз? Дұрыс айтасындар, балалар. Олай болса бүгін бізге қонаққа балалар дәрігері Шукрова Әсел Берікқызы және бебекжай медбикесі Тиыштық апайлар келіп отыр. Қош келдіңіздер!</p>	<p>Сәлеметсіздер ме? Дәрігерге</p>
<b>Ұйымдастыру-іздестіру</b>	<p>Балалар бәріміз слайдқа назар аударайық.(Слайдтан балалар дәрігерінің қабылдауында болған балалар көрсетілді).</p> <p>-Балалар бұл қай жер? Әсел Берікқызы біздің бебекжаймызға қош келдіңіз. Біздің балаларға өз мамандығыңыз жайлы айтып берсеңіз.</p> <p>Әсел Берікқызы:</p> <p>-Балалар сендерді көргеніме қуаныштымын. Менің мамандығым балалар дәрігері. Мен мамандығым мен балаларды қатты жақсы көремін. Маған келген балаларға ақыл-кеңесімді аямаймын. Балалар ауырмас үшін таза болу керек. Сендер сабактан, балабақшадан, ойын ойнап келгенде міндетті түрде қолдарыңды жуу керек. Қолда микроб ете көп болады. Сендер қолдарыңды жумаган жағдайда қолдағы микроб ауызben ішке түсіп, іште көбейеді. Сосын үлкейген микроб ауруға ұласады. міне осыдан барып дәрі ішуге, екпе егуге тұра келеді. Соңдықтан балалар сендерге айтарымыз таза журіндер, ата-аналарыңың тілін алындар. Сонымен қатар салауатты өмір салтын сақтаңдар. Үнемі қимыл-қозғалыста болындар. Жалқау, тілазар болмандар. Сендерге көрсетуге медицина құралымды алып келдім. Бұл құралмен сендердің тыныс жолдарыңды тексеремін. Бала ауырып келгенде ауыз қуыстарын</p>	<p>Аурухана</p>

	<p>да тексереміз. Ауыз күystарында да микроб өте көп болады. Біз тамақ ішкенде ауызда тамақ қалдықтары қалып қояды. Сондықтан ауызды үнемі жуып жүру керек. Тамақты да уақтылы жеген дұрыс. Қазіргі неше түрлі дайын, әрі тез дайын болатын тамақтардан бас тартып, ет, сорпа сияқты құнарлы тамақтар жеген дұрыс. Балалар менің сендерге берер ақыл-кеңесім осы, естеріңнен шығарманда. Рахмет сізге Әсел Беріккызы</p> <p>Енді балалардың сіге арнаған жыр-шумақтарын қабыл алыңыз. (Балалардың жыр-шумақтары)</p> <p>Ал, енді Інжу қызымыз әсем әнін айтып беремін дейді. Рахмет Інжу, өркенің ессін! Әсел Беріккызы сізге уақытыңызды бөліп келгеніңізге көп рахмет. Сізге айтар алғысымыз шексіз, бізге өз мамандығыңыз жайлы көп мағлұмат бердіңіз. <b>Ойын:</b> «Дәрігер»</p>	
Рефлексивті-түзетушілік	<p>-Балалар, бүгін бізге қонаққа кім келді?</p> <p>-Әсел Беріккызының сендерге айтқан әңгімесі ұнады ма? Кімнің дәрігер болғысы келеді? Қандай тамаша. Міне, сендер де болашақта дәрігер боласыңдар. Рақмет сау болындар!</p>	<p>Балалар дәрігері Әсел Беріккызы келді.</p> <p>Інжу, Аяна, Іңкәр.</p>

### Күтілетін нәтиже:

**Нені біледі:** Ақ халатты абзал жандар туралы

**Қандай түсініктерді игерді:** Тазалықты, салауатты өмір салтын сақтау керектігін. Ақ халатты абзал жандардың адам денсаулығының жанашыры екендігін.

**Менгерген дағдылар мен іскерліктері:** Үнемі адамдарға қамқор болып қол ұшын созуды, көмектерін аямауды.

## **Ұйымдастырылған іс-әрекет**

**Вариативтік белімдегі «Туған жер» бағдарламасы**

**Қазақ тілі маманы Құдайбергенова Даңа**

**Коммуникативтік дағдыларды дамыту**

**Тақырыбы: «Туған жерім-алтын бесігім»** Біздің ауылдың ардақтылары

**Мақсаты:**

**Білімділігі:** Жаңаарқадан шыққан ардақтылармен таныстыру.

**Дамытушылығы:** Жаңа тақырыпты менгерту барысында балалардың есте сақтау қабілеттерін, сөздік қорын дамыту.

**Тәрбиелілігі:** Өлкеміздің мақтаныштарын құрмет тұтуға, мақтан етуге тәрбиелеу.

**Әдіс-тәсілі:** Әңгімелеу, түсіндіру, сұрақ-жаяуп, көрсету .

**Көрнекіліктер:** Суреттері, слайд.

<b>Іс -әрекет кезеңдері</b>	<b>Тәрбиешінің іс-әрекеті</b>	<b>Балалардың іс-әрекеті</b>
<b>Мотивациялық-Кызығушылы</b>	<p>Шенбер құрып тұру.</p> <p>Балаларды шенбер бойына жинап, үнтаспадан ән тыңдату.</p> <p>-Балалар бүгін біздің күнделікті іс-әрекетіміз ерекше, әрі қызықты болмақ. Балалар келген қонақтармен амандасып алайық. Балалар біздің өлкемізде ардақты тұлғалар өте көп. Ауданымыздың ардақты тұлғалары Спорт шебері Сұлтан ағай, күйші Мұқат ағай, Білім бөлімінің әдіскері Гүлшат апай, редактор Салтанат апайлар қонаққа келіп отыр.</p>	<p>Балалар шенбер құрып тұрады.</p> <p>Слайдтан суреттің көреді.</p>
<b>Ұйымдастыру-іздестіру</b>	<p>Балалар қонақтармен амандасып алайық.</p> <p>-Құрметті қонақтар біздің бебекжайымызға қош келдіңіз! Сіздерге үлкен алғыс білдіреміз. Бүгін бізге өздеріңіздің балалық шақтарыңыз жайлы айтып берсөніздер. ( Әр қонақ өздері жайлы айтып береді) Біздің бұлдіршіндерге ак тілектеріңізді айтсаңыздар.</p> <p>Сізге көп ракмет! Біздің балалардың әсем әндерін мен жыр-шумақтарын тыңдаңыздар. Сіздерге енбекте табыс, дендеріңізге саулық, отбастарыңызға амандақ тілеміз! Сіздерге көп ракмет! Сау болыңыздар!</p> <p>Ойын: «Қазақша күрес»</p>	<p>Балалар қызығушылықпен тыңдайды.</p>
<b>Рефлексивті-түзетушілік</b>	<p>-Балалар бүгін бізге қонаққа кімдер келді?</p> <p>Балалар біз де енбеккор, ақылды, білімді болуымыз керек. Сендер де өскенде өлкеміздің мақтаныштары боласындар!</p>	<p>Спорт шебері Сұлтан ағай, күйші Мұқат ағай, Білім бөлімінің әдіскері Гүлшат апай, редактор Салтанат апай</p>

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені біледі:** мамандықтарды

**Қандай түсініктерді игерді:** мамандықтардың түрлерін

**Менгерген дағдылар мен іскерліктер:** Ақылды, талапты, еңбекқор болу көректігін

**Ұйымдастырылған іс-әрекет**

**Вариативтік болімдегі «Тұған жер» бағдарламасы**

**Қазақ тілі маманы Құдайбергенова Даана**

**Коммуникативтік дағдыларды дамыту**

**Тақырыбы:** «Әнім сенсің – туған жер»

**Мақсаты:**

**Білімділігі:** Тұған жерге арналған әндер айтқызы.

**Дамытушылығы:** Балалардың әнге деген қызығушылығын арттыру.

**Тәрбиелілігі:** Балаларды елін, жерін сүюге тәрбиелеу.

**Әдіс-тәсілі:**Әңгімелеу, түсіндіру, сұрақ-жауап, корсету

**Көрнекіліктер:** слайд , фотосуреттер

Іс -әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<b>Мотивациялық-Қызығушылы</b>	<p>Шаттық шеңбер.</p> <p>-Балалар, бәріміз үлкен шаттық шеңберін құрайық. Шеңбер –бұл әлемдегі мейірімділік пен жылулықтың нышаны. Шеңбер арқылы біз бір-бірімізге құлімдеп қарап, бақыт, куаныш, шаттық жылулық сыйлаймыз. Олай болса өлең жолдарын айтайық.</p> <p>Жаса, жаса, Жаңаарқам,</p> <p>Өркен жая бастаған.</p> <p>Болашақтың есігін, Өз қолыңмен аш маган.</p>	<p>Балалар шаттық шеңберіне тұрады.</p> <p>Барлығы қызыға бірге орындаиды.</p>
<b>Ұйымдастыру-іздестіру</b>	<p>-Балалар бұған біз Тұған жерге деген сезімімізді әнмен әрлеп жеткіземіз. Бұғінгі күнімізде тұған жерге деген ықыласымызды әдемі етіп жеткізейік. Әдемі әндерімізді әсерлеп орындал, әдемі естелік қалдырайық.</p> <p>Олай болса тұған жер туралы жыр-шумақтарға кезек берейік. (балалар өлеңдерін мәнерлеп айтады)</p> <p>Ал енді кезекті тұған жерімізге тарту ретінде әсем әнге берейік.</p> <p>Балалар, тұған жер туралы мақал-мәтелді де айтайық.</p> <p>Ойын: «Тұған жерге тарту»</p>	<p>Балалар мұқияттындаиды.</p> <p>Балалар жыр-шумақтарын айтады.</p> <p>Балалардың тұған жер туралы әні орындалады</p>

Рефлексивті-түзетушілік	-Балалар бұғінгі біздің тұған жерімізге жасаған тартуымыз сендерге ұнады ма? Қандай тарту жасадық? Балалар сендерге көп рақмет! Сау болындар!	Ұнады Тұған жерге арналған әндер.
-------------------------	---	--------------------------------------

### Күтілетін нәтиже:

**Нені біледі:** Тұған жерге арналған әндер, жыр-шумақтар

**Қандай түсініктерді игерді:** Тұған жерге құрметпен қарап, мақтан тұтуды

**Менгерген дағдылар мен іскерліктер:** жыр-шумақтар, әндер

### Ұйымдастырылған іс-әрекет

**Вариативтік бөлімдегі «Тұған жер» бағдарламасы**

**Қазақ тілі маманы Құдайбергенова Даны**

**Коммуникативтік дағдыларды дамыту**

**Тақырыбы:** «Арқа өңірінен шыққан балуандар»

**Мақсаты:**

**Білімділігі:** Арқа өңірінен шыққан балуандар туралы түсінік беру.

**Дамытушылығы:** Балалардың спортқа деген қызығушылығын арттыру.

**Тәрбиелілігі:** Балаларды елін, жерін сүюге тәрбиелеу.

**Әдіс-тәсілі:** Әңгімелеу, түсіндіру, сұрақ-жауап, көрсету

**Көрnekіліктер:** слайд, фотосуреттер

Іс -әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<b>Мотивациялық-Қызығушылы</b>	Сәлеметсіндер ме балалар? Сендер бұғін сіндей әдемі, ақылды, тәртіптісіндер! Мен бұғін сендермен үлттық ойындар ойнағым келіп тұр. Арапарында «мен күштімін», «мен мықтымын», «күшім көп» дегендер бар ма? Олай болса ортаға шықсын. (Ұл балалар ортага шығады) Ойын: «Қазақша күрес»	Балалар шаттық шенберіне тұрады.  Барлығы қызыға ойнайды.
<b>Ұйымдастыру-іздестіру</b>	-Балалар сендерге «қазақша күрес» ойыны ұнады ма? Біздің үлдардың барлығы мықты, жігерлі, қайсар, батыр ғой. Үлдарымыз Отанымыздың қорғаушылары. Сондықтан ер балалар мықты болып өсу керек. Олай болса балалар біздің өлкемізден талай мықты балуандар шыққан. Солардың бірі Битабар, Асар балуандар. Бұл балуан аталарымыз Жаңаарқамыздың мақтаныштары. Олар бала кезінен қазақша күреске ерекше қызығушылықпен қатысқан.	

	Жазушы Асан Жұмаділдиннің «Битабар балуан» деген хикаясы да бар.	
Рефлексивті-түзетушілік	-Балалар бүгін біз қандай ұлттық ойын ойнадық? Өлкеміздің қандай балуандары болған? Балалар сендерге көп рақмет! Сау болындар!	Қазақша күрес Битабар, Асар балуандар

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені біледі:** Ұлттық ойын «Қазақша күресті»

**Қандай түсініктерді игерді:** Өлкеміздің мақтаныштары - Асар, Битабар балуандарды

**Менгерген дағдылар мен іскерліктер:** Қайсарлық, мықтылық, жігерлікте

**Ұйымдастырылған іс-әрекет**

**Вариативтік бөлімдегі «Тұған жер» бағдарламасы**

**Қазақ тілі маманы Құдайбергенова Даны**

**Коммуникативтік дағдыларды дамыту**

**Тақырыбы:** «Ұлттық ойындар»

**Мақсаты:**

**Білімділігі:** Ұлттық ойындар түсінік беру.

**Дамытушылығы:** Балалардың ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру.

**Тәрбиелілігі:** Балаларды елін, жерін сүюге тәрбиелеу.

**Әдіс-тәсілі:** Әңгімелу, түсіндіру, сұрақ-жаяуп, көрсету

**Көрnekіліктер:** Асық, арқан, ұлттық ойынның құрал-жабдықтары

Іс -әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-Қызығушылы	Сәлеметсіндер ме балалар? Көңіл-күйлерің қалай? Бүгінгі күнімізді жақсы тілектермен бастайықшы. Тамаша! Әрбір айтқан жақсы тілектеріміз қабыл блсын!	Балалар шаттық шенберіне тұрады.
Ұйымдастыру-іздестіру	-Балалар бүгін біз сендерге «ұлттық ойындар» ойнайды. Біздің ұлдардың барлығы мықты, жігерлі, қайсар, батыр ғой. Ұлдарымыз Отанымыздың қорғаушылары. Олай болса «қол күрес» ұлттық ойынынан бастайық. Ойын: «Қол күрес» (Балалар қызыға ойнайды)	Балалар қызыға ойнайды.

	<p>Ал, енді қалған балалар «Ханталапай» ойынына келсін. Келесі ойынымыз «Арқан тартыс»</p>	
Рефлексивті-түзетушілік	<p>-Балалар бұгін біз қандай ұлттық ойындар ойнадық? Балалар сендерге көп рақмет! Сау болындар!</p>	«Қол күрес», «Ханталапай», «Арқан тартыс»

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені біледі:** Ұлттық ойындар туралы

**Қандай түсініктердің ігерді:** Ұлттық ойын атауларын «Қол күрес»,  
«Ханталапай», «Арқан тартыс»

**Менгерген дағдылар мен іскерліктер:** Шапшаңдық, жігерлік, қайсарлық

**Ұйымдастырылған іс-әрекет**

**Вариативтік бөлімдегі «Тұған жер» бағдарламасы**

**Қазақ тілі маманы Құдайбергенова Даны**

**Коммуникативтік дағдыларды дамыту**

**Тақырыбы:** Тұған өлкеге саяхат

**Мақсаты:**

**Білімділігі:** Балаларды мәдениет үйімен таныстыру.

**Дамытушылығы:** Балардың есте сақтау қабілеттерін қалыптастыра отырып, сана-сезімдерін қалыптастыру.

**Тәрбиелілігі:** Балаларды елін, жерін, Отанын сүюге, құрмет тұтуға тәрбиелеу.

**Әдіс-тәсілі:** Әңгімелеу, түсіндіру, сұрақ-жауап, көрсету

**Көрнекіліктер:** слайд, фотосуреттер

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-Қызығушылық	<p>-Сәлеметсіндер ме балалар?</p> <p>-Балалар бұгін бізде ерекше күн. Барлығымыз шаттық шенберін күріп, жақсы тілектерімізді айтып, бір-бірімізге жылуымызды сыйлайық. Жақсы балалар. Біз бұгін өлкеміздің әсем гимараты мәдениет үйіне саяхат жасаймыз.</p>	<p>Балалар амандасады. Шаттық шенберіне тұрады.</p> <p>Балалар жақсы тілектерін білдіреді.</p>
Ұйымдастыру-іздестіру	<p>-Міне, балалар, біз мәдениет үйіне келдік. Көрдіңдер ме балалар мәдениет үйі қандай керемет. Балалар мына тұрган суретке назар аударайық. Бұл Жанаарқамыздан шыққан</p>	<p>Балалар қызығушылықпен аралайды.</p>

	<p>әншілер, байқаулардан жүлделі орын алған өнерпаздардың суреті. Ал енді балалар, үлкен концерт қоятын залға барайық. Мына жерде әнші аға-әпкелеріміз ән айтып концерт қояды. Қане, барлығымыз залда отырып Мақпал апайдың әсем әнін тыңдайық. Балалар сендерге әсем ән ұнады ма? Бұл сахнада талай әншілер ән айтқан. Осы сахнадан Қайрат, Бекболат, Қарақат апайларымыз бер агаларымыз шыққан. Енді балалар, мына кабинетте мәдениет үйінің бастығы Исина Айгүл апай отырады. Ал мына кабинетте үлттық аспаптармен ән айтып дайындалады. Келесі кабинетте ән жазады. Балалар енді екінші қабатқа көтерілейік. Балалар мына кабинетте өте қызық қарандаршы. Мына терезеден үлкен залдың сахнасы айқын көрінеді. Мына кабинетте ән айтатын әншінің музикасы қойылып отырылады. Сондай-ақ жарықтың түзу түсін бақыланады. Балалар, мәдениет үйіндегі аға-әпкелерімізге сау болыңыздар деп айтайық.</p>	Балалар зейін қойып тыңдайды.
Рефлексивті-түзетушілік	<p>-Балалар, бүгін біз қайда саяхат жасадық?          -Балалар, сендерге саяхат ұнады ма?          Мәдениет үйі қандай екен?</p>	<p>Мәдениет үйіне.          Ұнады.          Өте әдемі, әрі үлкен.</p>

### Күтілетін нәтиже:

**Нені біледі:** Жаңаарқада мәдениет үйінің бар екендігін

**Қандай түсініктерді игерді:** Мәдениет үйінде концерт, қойылым болатындығын

**Менгерген дағдылар мен іскерліктер:** Өнер саласында әр түрлі мамандар бар екендігін

### Ұйымдастырылған іс-әрекет

**Вариативтік бөлімдегі «Тұған жер» бағдарламасы**

**Қазақ тілі маманы Құдайбергенова Даны**

**Коммуникативтік дағдыларды дамыту**

**Тақырыбы:** Жаңаарқа қымызымен мақтанамыз

**Мақсаты:**

**Білімділігі:** Балаларға қымыз туралы түсінік беру

**Дамытушылығы:** Балалардың сөздік қорын дамыту.

**Тәрбиелілігі:** Балаларға барын бағалауға, елін, жерін құрмет тұтуға тәрбиелеу.

**Әдіс-тәсілі:** Әңгімелейу, сұрақ-жауап, түсіндіру

**Көрнекіліктер:** Ұлттық ыдыстар, қымыз

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
---------------------	------------------------	-----------------------

Мотивациялық-Қызыгуышылы	-Сәлеметсіндер ме балалар? Көңіл-күйлерің қалай? Бұтін бізге арнайы қонақ келіпті. Балалар келген қонақпен амандастып алайық. Балалар бізге қонаққа ақ әжеміз келіп отыр. Олай болса әжемізді төрге шығарайық Қош келдіңіздер! Әжеміз қымызын ала келіпті.	
Ұйымдастыру-іздестіру	Әже: Сәлеметсіндер ме балалар? Мен бүгін сендерге арнайы келіп отырмын. Қымызымды ала келдім. Жаңаарқамыз қымызымен әлемге әйгілі. Сендерге қымыз туралы маглұмат берейін деп келдім. Қымыз адам денсаулығына өте пайдалы сусын. Ата-бабамыз өымыздың пайдасын бұрыннан білген дана халық. Қымызды биенің сүтінен жасайды. Дәмі сондай тәтті, әрі дәруменге өте бай. Ақты төгуге болмайды балалар. Міне сендерге құйып берейін іше қойындар. Рақмет әже! Сіз бізге көп маглұмат бердіңіз! Біздің балалар сізге әндерін, жыр-шумақтарын айтып берсін. Әже бата береді	
Рефлексивті-түзетушілік	-Балалар, бүгін бізге қонаққа кім келді? Не туралы айтты? Қымыздың қандай пайдасы бар екен? Рақмет сау болындар!	Ақ әже Қымыз

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені біледі:** Қымыз туралы

**Қандай түсініктерді игерді:** Қымыздың адам денсаулығына пайдасын

**Менгерген дағдылар мен іскерліктері:** Ақты төкпеу керектігі

### **Атқарылатын жұмыс түрлері:**

Жаңаарқа ауданы туралы зерттеуді ұйымдастыру жұмыстарын жүргізу;

- Жаңаарқа өлкесіне, яғни мәдениет үйіне, мұражайға, кітапханаға саяхаттар ұйымдастыру;
- Жаңаарқа туралы материалдар жинақтау;
- Жаңаарқадан шыққан атақты тұлғалармен кездесулер ұйымдастыру;
- «Тұған жер» тақырыбында конференция, пікір - талас ұйымдастыру.

#### **Қорытынды**

«Тұған жер» бағдарламасы бөбекжайда вариативтік бөліміне енгізіліп, балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, баланың үйлесімді дамуы мен ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеудің негізін қалайды. Бұл бағдарламаны жүргізу барысында жас бұынға киелі мекеннің топырағында туып өсken, біртуар тұлғаларды таныстыра отырып, құлағына құйып, көрсету арқылы ұлтжандылықты, әрі адами қасиеттерді сіңіреді.

Өлкеміздің тарихын, біртуар азamatтарын зерттеп, оның қажеттісін оқу тәрбие процесінде, күнделікті өмірде ұтымды пайдалану бүгінгі өмірде аса қажетті міндегің бірі болып саналады. Өз ұрпағының өнегелі, жігерлі, отансүйгіш ұрпақ етіп тәрбиелеу барша қоғамның міндегі.

«Туған жер» бағдарламасының мақсатын басты назарға ала отырып, өткен тарихымызға тағзым, бүгінгі бақыттымызға мақтаныш, гүлденген келешекке сеніммен қарайтын, дені сау. иман жүректі, елін, жерін шексіз сүйеттін, халқына адаптация жасай алатын он қазақта татитын бір қазақ баласын тәрбиелеу.

#### **Қолданылған әдебиеттер:**

- 1.Мемлекет басшысы Қ.К Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауы.
2. Асан Жұмаділдин «Жаңаарқа» кітабы, Алматы қаласы 2003 жыл.
3. Мектепке дейінгі ұйымдардың ұлгілік оқу жоспарының вариативтік бөлімі туралы ереже.